



Автор: Түйтенова Гүлмира Байпатшақызы

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 6-сынып

Бөлім: VI - IX ғасырлардағы Қазақстан

Тақырып: Қазақстан территориясындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер (1-сабақ) Зерттеу сұрағы: VI-IX ғғ билік құрған қай қағандардың есімдері тарихта сақталды?

Сабақ негізделген оқу мақсаты	6.3.1.1 – оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанаты құрылуының тарихи маңызын анықтау; 6.3.1.2 – VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау
Сабақтың мақсаттары	Барлығы: Түрік қағанатының қалыптасу тарихын сипаттайды; Көпшілігі: мемлекеттің құрылуы мен нығаюының себебін түсіндіреді; Кейбірі: Түркі қағанатының құрылу барысын қытай жылнамаларын қолдана отырып, өз бетінше тұжырымдайды
Бағалау критерийлері	-Түрік қағанатының құрылуының басты оқиғаларын ажыратады -Түрік қағанатының құрылуының тарихи маңыздылығын анықтайды
Тілдік мақсат	Оқушылар: Түрік қағанаттарында ел билеген тарихи тұлғалардың сіңірген еңбектерін талдайды Негізгі сөздер мен тіркестер (пәнге арналған сөздік және терминология): «түрік», теле, қағанат, ашина, ел, будун Сыныптағы диалог/ жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер Түркі тайпаларының миграциясының себептері..... деректердің негізінде келесі қорытындыларды шығаруға болады Келесі факторларәлеуметтік фактор болып табылады Жазылымға арналған тапсырмалар: Ашық тест тапсырмалары (оқулық 11 б.)
Пәнаралық байланыс	Дүние жүзі тарихы, 7-сынып Қазақстан тарихы
Құндылықтарға баулу	Азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық
Алдыңғы оқу	Қазақстан территориясындағы алғашқы тайпалық бірлестіктер мен мемлекеттердің пайда болуы, құлдырауы туралы біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Басталуы (10 мин)	Ұйымдастыру кезеңі Топтастыру – «Қағандар» (1 топ – Бумын қаған; 2 топ – Мұған қаған; 3 топ – Иштеми қаған) (Ж) Бастапқы ынталандырушы материал «Кинометафора» «Ұлы дала дүбірі» бейнематериалын көре отырып, ақпа- раттық органиайер парағын толтырады ҚБ – «Мен саған, сен маған» өзара бағалау	Қаған есімі жазыл ған оюлар «Ұлы дала дүбірі» түркі қағанаты: https://www.youtube.com/watch?..j4 ; №1 қосымша
Ортасы (17 мин 8 мин)	(Ж/Жт/Т) «Ойлан. Жұптас. Бөліс» 1-қадам: мәтінмен жеке танысу 2-қадам: жұпта талқылау 3-қадам: топта зерттеу сұрақтарына жауап дайындау, «Диктор» әдісімен қорғау (әр топқа 1 мин) Зерттеу сұрақтары 1. Қай қаған мемлекетті күшейтуде көп үлес қосты? 2. Қай қағанның дипломатиялық байланыстарды дамытуда үлесі зор? 3. VI-IX ғасырларда өмір сүрген қай қаған саяси көшбасшылығымен, дипломатиялық, әскери істерімен ерекше есте қалды? ҚБ «Қосу. Азайту. Қосарым бар» (Ж) Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма 1. Формативті сұрақтар 2. Сөйлемді жалғастыр 3. Ашық тест ҚБ – «Өзін-өзі бағалау» (дескриптор бойынша)	Оқулық ҚБП Оқулық

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Аяқталуы (5 мин)	Кері байланыс - «Баспалдақ» Төменгі- «Түсінбедім» Ортаңғы - «Түсіндім» Жоғарғы - «Толық түсіндім» Үй тапсырмасы: Жабық тест (11-12 бб) Сабақты қорыту	«Баспалдақ» суреті